БЕКІТЕМІН
Нұра ауданының мәдениет және
тілдерді дамыту бөлімінің басшысы
_____ Ж.Нұрмағамбетов

«Бүркіт оқулары» байқауының ережесі

I. Жалпы ережелер

1.1. «Бүркіт оқулары» байқауы — Бүркіт Ысқақұлының шығармашылығын насихаттау және оқырман қауым арасында поэзияға деген қызығушылықты арттыру мақсатында өткізіледі.

1.2. Байқау ұйымдастырушылары: Нұра ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі мен Б.Ысқақұлы ат.аудандық орталық кітапханасы .

1.3. Байқау екі кезеңнен тұрады:

- 1 кезең: Қатысушы ақынның бір шығармасын мәнерлеп, жатқа оқиды;
- 2 кезең: Ақынның шығармашылығы, өмірбаяны жайлы викторина.

1.4. Байқау 2025 жылдың **6 қараша сағат 11.00-де** Б.Ысқақұлы атындағы аудандық орталық кітапханасында өтеді.

II. Мақсаты мен міндеттері

1. Бүркіт Ысқақұлының шығармаларын кеңінен тарату;
2. Ғасырдан ғасырға жалғасып жатқан халқымыздың рухани байлығын, мерейін өсіру үшін жан аямай еңбек етіп, халқы мен елінің алдындағы перзенттік парызын айқын да анық түсінген ұлт қайраткері, туған елінің тәуелсіздігі мен бейбіт өмірін аңсап, шешендіктің айнымас үлгісі болған арысымыздың азаматтық-қайраткерлік қырын таныту;
3. жерлес ақынымыздың асыл мұрасын бүгінгі ұрпаққа насихаттау, поэзиясының идеялық тереңдігін зерделеу;
4. Қатысушылардың мәнерлеп оқу және көркем сөйлеу дағдыларын дамыту;
5. Әдебиет пен поэзияға деген қызығушылықты арттыру;
6. Қоғамдағы рухани-мәдени құндылықтарды насихаттау.

III. Байқау форматы

3.1.Байқауға 14 жастан асқан барлық ересек азаматтар қатыса алады.

Қатысушылар жас ерекшеліктеріне қарай топтарға бөлінуі мүмкін:

- 14–17 жас
- 18–30 жас
- 30 жастан жоғары

3.2.Кәсіби мамандардан құрылған әділқазылар алқасы байқау жеңімпаздарын анықтайды;

3.3.Әділқазылар алқасының шешімі қайта қарауға жатпайды;

3.4.Аудандық мәнерлеп оқу байқауына ұсынылған өлеңдер байқау тақырыбына, мақсаты мен міндеттеріне сәйкес болуы қажет;

3.5. Қатысушылар Бүркіт Ысқақұлының шығармаларынан үзінді мәнерлеп оқиды.

3.6. Оқу уақыты — 3-5 минут.

3.7. Мүмкін болса, инсценировка (артқы фон жасау, драмалық элементтер) қолдануға болады

3.8.Байқауға қатысу туралы ӨТІНІМ 2025 жылдың **31 қазанға** дейін metodnura@mail.ru электронды почтасына қабылданады.

IV. Бағалау критерийлері

Қазылар алқасы келесі критерийлер бойынша бағалайды:

1. Мәтінді жатқа білу / сенімді оқу
2. Образды нанымды бейнелеп, мәнерлеп оқу шеберлігін көрсетеді;
3. Сахна мәдениетін сақтайды;
4. Логикалық екпінді дұрыс қояды;
5. Пауза қоя біледі;
6. Интонацияға көңіл бөледі;
7. Қатесіз, жатқа оқиды.
8. Эмоция мен көркемдік мазмұн

Әр критерий бойынша 1-ден 5 балға дейін бағаланады. Ең көп балл жинаған қатысушы жеңімпаз атанады.

VI. Байқау жеңімпаздарын анықтау және марапаттау

6.1. Байқау соңында қорытынды есеп жасалады, жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталады. Әділқазылар алқасының шешімі хаттама ретінде рәсімделеді;

6.2.Жеңімпаздарға әр топ бойынша Бас жүлде, I (біреу), II (екеу), III (үшеу) орындар және естелік сыйлықтар беріледі.

Сонымен қатар,қатысушыларға қатысқандары үшін Сертификат беріледі.

Байланыс телефондары: 8(72144)22210, 8(707)2397673 (Карина Аскаровна)

«Бүркіт оқулары» байқауына қатысуға ӨТІНІМ

№	Қатысушының аты-жөні	Білім беру мекемесінің атауы, Жұмыс орны	Шығарма атауы	Жетекшінің аты-жөні (толық жазу)	Байланыс телефоны, электронды поштасы (міндетті)